



Жангелдин ауданының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 маусымдағы № 99 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 маусымда № 9246 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 3 желтоқсандағы № 121 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 03.12.2025 № 121 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабы 2-тармағына сәйкес Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жангелдин ауданының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Жангелдин ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Жангелдин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жангелдин ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жангелдин ауданының әкімі

Ш. Оспанов

Әкімдіктің
2020 жылғы "3" маусымдағы
№ 99 қаулысына
қосымша

Жангелдин ауданының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі

Таза кіріс 3000000 теңгеге дейін	Таза кіріс сомасынан 5 пайыз
Таза кіріс 3000001 теңгеден 50000000 теңгеге дейін	150000 теңге + 3000000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 10 пайыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК